

«Күз жауһары» республикалық интернет-байқауды қашықтықтан өткізу ережелері

1. Жалпы ережелер

1. Мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының, жоғары оқу орындарының педагогтері, сондай-ақ білім алушылары арасында «Күз жауһары» республикалық интернет-байқауды (бұдан әрі - Байқау) қашықтықтан өткізудің мақсатын, міндеттерін және тәртібін анықтайды.

2. Байқау мақсаты: дарынды балаларды, жастарды және педагог қызметкерлерді анықтау және қолдау, балалар шығармашылығын дәріптеу, көркемдік және эстетикалық талғамды тәрбиелеу, олардың танымдық қызығушылықтарын ынталандыру.

Міндеттері:

- балалар мен жастардың бос және демалыс уақыттарын белсенді ұйымдастырудың мәдени деңгейін көтеру;

- балаларға қосымша білім беру жүйесінің мүмкіндіктерін насихаттау;

- дарынды балалар мен жастарды шығармашылыққа тарту;

- шығармашыл педагогтерге, әдіскерлерге, тәрбиешілерге, ата-аналарға, білім алушыларға өскелең ұрпақты тәрбиелеу сұрақтары бойынша өз ой-толғауларын, көзқарастарын және идеяларын жеткізуге мүмкіндік беру;

- новаторлық идеяларды, кәсіби атқарылған жұмыстар көлемін, білім саласындағы идеяларды тарату;

- Қазақстанның дарынды педагогтерін анықтау, іс-тәжірибелерін жалпылауына жағдайлар жасау;

- қиял және фантазияны дамыту;

- жеке шығармашылық қабілеттерді дамыту.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығымен» РМҚК өткізеді.

4. Байқауды ұйымдастырушылар жюри және ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

5. Байқау 2015 жылғы **1 қыркүйек – 2 қараша** аралығында балаларға арналған **www.ziyatker.org** ғылыми-танымдық сайтында қашықтықтан өткізіледі.

6. Байқау жұмыстары 2015 жылғы **28 қазанға** дейін **konkurs.raduga@mail.ru** электронды поштаға, сондай-ақ 010000, Астана қаласы, Кенесары 40, 15-қабат, 1512 кабинет, БҒМ «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК мекен-жайы бойынша қабылданады.

Анықтама телефондары: **8(7172)249305** («Күз жауһары» байқауы).

7. 2015 жылғы **28 қазаннан** кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

8. Байқауға түскен материалдар қайтарылмайды. Байқаудың ұйымдастырушылары авторды көрсете отырып, жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында, ғаламторда жариялауға құқылы.

9. Байқауға қатысу үшін қатысушы-педагогтер - 3000 (үш мың) теңге, қатысушы-оқушылар – 1000 (бір мың) теңге төлемақы төлеуі қажет.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

Астана қаласы, БанкЦентрКредит АҚ.

Иик KZ91856000005068448

БИК КСJBKZKX

БИН 990140004733

Кбе 16.

Код назначения платежа: 859.

Алушы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК.

Төлемақы мақсаты: «**Күз жауһары**» байқауы. Байқауға қатысушының (жіберуші) аты мен фамилиясын міндетті түрде көрсету және төлемақы құжатының (түбіртек немесе төлем тапсырмасы) көшірмесін сканерден өткізіп, байқау жұмысымен қоса konkurs.raduga@mail.ru электронды пошта арқылы жіберу қажет.

10. Байқаудың қорытындысы және жеңімпаздар тізімі 2015 жылғы **2 қарашада** www.ziyatker.org сайтында орналастырылады.

3. Байқауға қатысушыларға қойылатын талаптар

11. Байқауға ұсынылған жұмыстар Байқау тақырыбына, мақсатына және міндеттеріне сәйкес болуы тиіс.

12. Байқауға мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының, жоғары оқу орындарының педагогтері, сондай-ақ білім алушылары қатыса алады.

Байқауға қатысушылардың жас санаттары: 3-6 жас; 7-9 жас; 10-13 жас; 14-18 жас; 18 жастан жоғары.

13. Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі.

1. «Шеберлік кемпірқосағы» номинациясы.

Кез-келген техникада жасалған суреттер, ашық хаттар және т.б. шығармашылық жұмыстардың фотосуреттері қабылданады. Фотосуреттер баспадан шығаруға келетін JPEG форматында болуы тиіс.

Жұмысты бағалау критерийлері:

- жұмыстың байқау тақырыбына сәйкестігі;
- қатысушының жас санатына сәйкестігі;
- орындау шеберлігі;
- тақырыптың ашылуы;

- түстік шешімі, колорит;
- сонылығы;
- көркемділігі.

2. «Менің жүрегімдегі күз» номинациясы.

Кез-келген материалдан әр түрлі техникада орындалған ұсақ-түйектер, аппликациялар, гобелендер және т.б. шығармашылық жұмыстардың фотосуреттердің электронды нұсқалары қабылданады.

Байқауға ұсынылған материалдар жұмыстың орындалу қадамдарын көрсететін фотосуреттері тіркелген бұйымды (ұсақ-түйектер, ыдыс, ашық хат, т.б.) жасаудың авторлық немесе бейімделген нұсқаулықтарын қамтуы тиіс.

Байқау жұмыстарына қойылатын талаптар:

- байқауға қатысатын жұмыс бұған дейін интернет желісінде жарияланбаған болуы тиіс;
- бұйымды жасау кезеңдерінің міндетті түрде авторлық фотосуреттерінің қолданылуы;
- өзге фотосуреттерді және кітап сканерін қолдануға тыйым салынады.

3. «Табиғат кереметтері» номинациясы.

Табиғаттың қызықты фактілері, жұмбақтары мен құпиялары бойынша авторлық сөзжұмбақтар, бас қатырғыштар және ребустер, жұмбақтар, викториналар, тесттер қабылданады.

Байқау жұмыстары келесідей түрде қабылданады:

- толтырылмаған сөзжұмбақ, сұрақтары;
- толтырылған сөзжұмбақ (жауаптары);
- ребус және ребуста жасырылған жауап;
- бас қатырғыштар жұмбақтар, викториналар, тесттер жауаптарымен.

4. «Күз лебі» номинациясы.

Байқауға әңгімелер, өлең туындылары, шығармалар, тарихи қызықты деректер, эссе және т.б. қабылданады.

Бірлескен жұмыстар қабылданбайды.

Ресімдеуге қойылатын талаптар:

Жұмыс Word мәтіндік редакторында басылуы тиіс. Шрифт – Times New Roman. Шрифт өлшемі – 14. Жоларалық интервал – біркелкі (одинарный). Жұмыс көлемі - А-4 форматында 2 беттен аспауы тиіс (титул парағын есепке алмағанда). Басты бет келесі ақпаратты қамтуы қажет: жұмыс орны, педагогтің аты-жөні, білім беру ұйымының толық аталуы, облыс, қала, район, ауыл. Басты бет бөлек файлда емес, байқау жұмысының бірінші беті болуы тиіс. Барлығы – 3 бетте.

5. «Менің алтын өлкем» номинациясы (фотосуреттер байқауы).

Күз кейпін суреттейтін авторлық фотосуреттер (баспадан шығаруға келетін JPEG форматындағы түрлі түсті және монохромды суреттер) қабылданады. Күз - бұл байқаудағы кез-келген суреттің басты тақырыбы.

Файл атауы 45 таңбадан аспауы тиіс және келесі форматта болуы шарт: автор аты-жөні – жұмыс аты (мысалы: Жәнібек Аслан – Күзгі_бақ.jpg).

6. «Күзгі шығармашылық сабақ» номинациясы (шеберлік сыныптар байқауы).

Келесі тақырыптар бойынша шеберлік сыныптар әзірлемелері қабылданады:

- қолөнер бойынша шеберлік сынып (қағаз, аппликация, табиғи материалдардан жасалған ұсақ-түйектер, қажетсіз материалдардан жасалған ұсақ-түйектер, жұмсақ ойыншықтар, қамыр-пластика және т.б.);

- сурет салу бойынша шеберлік сынып (сурет салу сабағы, мектепке дейінгі тәрбиеленушілермен және мектеп оқушыларымен сурет салу сабақтары, балалармен сурет салудың түрлі техникаларын үйрену және т.б.);

- ермексазбен жұмыс бойынша шеберлік сынып (мүсіндеу, пластилинография және т.б.);

- бала бақшаны, мектепті, кабинетті және т.б. ресімдеу бойынша шеберлік сынып;

Шеберлік сынып авторлық және бұған дейін жарияланбаған болуы тиіс. Идеяларды ғаламтордан, кітаптар мен журналдардан, алуға болады, алайда мәтін мен дайын бұйым (сурет, ұсақ-түйектер және т.б.) бірегей болуы тиіс.

Ресімдеуге қойылатын талаптар:

Басында шеберлік сыныптың аталуы, қатысушы туралы мәліметтер (аты-жөні, лауазымы, жұмыс орны) көрсетілуі тиіс.

Содан кейін жұмыстың (шеберлік сыныптың) толық мәтіндік сипаттамасы беріледі. Жұмыс сипаттамасында шеберлік сынып қандай тыңдаушылар аудиториясына арналғанын көрсету қажет (мысалы 5 жастағы балалар үшін; 2-сынып оқушылары үшін; тәрбиешілер үшін және т.с.с.).

Шеберлік сынып тағайындалымын сипаттау (мысалы, сыйлықтар жасау, балаларға құстарды салуды үйрету және т.с.с.).

Мақсаты мен міндеттерін көрсету (материалдарыңыздың тағайындалымына қарай).

Мәтіндік сипатталуын сабақ барысы ретінде ресімдеуге болады (өз қалауыңыз бойынша).

Барлық дайындау кезеңдері ірі планда болуы тиіс.

Сипаттамада шеберлік-сынып тақырыбы есебінен өлең шумақтарын, жұмбақтарды, қызықты әңгімелер немесе хикаяларды қолдануға болады.

Шеберлік сыныпты сипаттауда шығармашылық тәсілдерді қолдану қошеметтеледі.

Шеберлік сынып ретінде презентациялар және кесте түрінде бейнеленген шеберлік сыныптар **қабылданбайды.**

Жұмыс мазмұны:

- бұйымды дайындаудың қадам-қадамымен мәтіндік толық сипатталуы;

- жұмысты дайындау барысының әр қадамын бейнелейтін фотосуреттер (7 бірліктен кем емес; егер жұмыс күрделі, көлемді болса, онда фотосуреттер саны 15-тен кем емес болуы шарт). Сонымен қатар, дайын жұмыстың 1-3 фотосуретін (балалардың қатысуынсыз) жіберу қажет;

- фотосуреттер сапалы болуы тиіс;

- фотосуреттер қандай да бір сулы белгілер, қолтаңбалар және даталар болмауы тиіс.

14. Жұмысты бағалау критерийлері:

байқау тақырыбына сәйкестігі;

жұмыстың сонылығы;

өзектілігі;

техникалық шеберлігі;

жұмыстың сапасы және мазмұндылығы;

жаңашылдығы.

15. Байқауға әр автордан бір немесе екі номиция бойынша жұмыстар қабылданады, әр номинацияға бір қатысушыдан тек бір жұмыс жіберілуі тиіс.

16. Материалды ресімдеу.

Байқауға материалдар электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде қабылданады.

Байқау жұмыстарының архивті құжатын электронды поштаға жіберуде төлемақы жүргізілгені туралы құжаттың сканерден өткізілген көшірмесін, сонымен қатар хатта келесі мәліметтер көрсетілуі тиіс:

- 1) байқауға қатысушының толық аты-жөні, жасы, ұялы телефон номері, электронды адресі; облыс, қала, ауыл;
- 2) оқу орыны, мекен жайы, электронды поштасы;
- 3) жетекшінің толық аты-жөні (жетекші болған кезде), жетекшінің телефон номері, электронды адресі;
- 4) байқау жұмысының аталуы;
- 5) байқау номинациясының аталуы;
- 6) сұраныс тапсырған күні.

Интернет желісінен алынған және өзге авторлардың материалдарын қолдануға тыйым салынады.

4. Байқауды қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау

17. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

18. Байқау жеңімпаздары Бас жүлде, I, II, III дәрежелердегі дипломдармен және жеңімпаз білім алушылардың жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады. Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, жетекшілеріне алғыс хаттардың және қатысушыларға сертификаттардың электронды нұсқалары www.ziyatker.org сайтында орналастырылады.